

ЖАПОНИЈА

Жапония

Туы



Астанасы

Токио

Ақша бірлігі

Йен

Жер көлемі

279 мың км

Халқы

126 млн адам

Ресми тілі

Жапон тілі

Мемлекеттік құрылымы

Конституциялық монархия

Діндері

Синтоизм

Аруаққа табыну

Буддизм

Рухқа табыну

Шетке шығарылатын көліктер

Тойота

Ниссан

Хондо

Ерекшелігі

Бір ұлтты ел

Сауаттылық деңгейі 99 %

Орташа өмір ұзақтығы 79-80 жас аралығы




Туы Хиномару деген атпен белгілі. Тудағы ақ түс бейбітшілік пен шындықтың белгісі, қызыл түс шыдамдылық, қайсарлық пен айбындық бейнесі.



**Халқы 2010 жылғы санақ бойынша 126,9 млн.
Жапония — бір ұлтты ел. Халқының 99,4%-і — жапондар.**



Астанасы Токио қаласы (13,1 млн.). Токио – Жапон аралдарының ішіндегі ең үлкен Канто жазығында орналасқан дүние жүзіндегі аса ірі қала. Ол 1869 жылы елдің астанасы болды.



Ресми тілі: Жапонша



Ұлттық валютасы иена



Жапонияның ең үлкен қалалары:

[Токио](#)

[Иокогама](#)

[Осака](#)

[Нагоя](#)

[Саппоро](#)

[Кобе](#)

[Киото](#)

[Фукуока](#)

[Кавасаки](#)

[Сайтама](#)



Жапонияның басқарушы императоры Акихито (1989жылдан бастап). Жапонияда императордың билігі конституция арқылы шектелген: император - тек мемлекеттік символ боп табылады.



Бұл тауларда сөнбеген жанартаулар әлі де көп. Ең белгілісі — Хонсю аралында орналасқан Фудзияма (3776 м) жанартауы. Елде жиі-жиі жер сілкіністері болады және мұхит жағалауларында цунами жиі оқиға болып соғады.



Қантар айындағы орташа температура оңтүстікте -6°C , Рюкю топаралында -16°C , ал шілде айында $+27, 28^{\circ}\text{C}$. Жылдық жауын-шашын мөлшері ел аумағының көпшілік бөлігінде 1700 — 2000 мм, оңтүстікте 4000 мм-ге дейін.



Жапондардын тұрмыс-тіршілігінде баска бір мәдениетке ұқсамайтын өзіндік салты мол сақталған. Жапон үйлерінде жиһаз аз болады, еденіне күріш сабанынан тоқылған төсеніш - татами төселеді. Тамақтанатын әрі ұйықтайтын жері – еден. Сондықтан еденді әрқашан айнадай таза ұстайды.



Олардың дзю-до, каратэ, сумо күресі секілді ұлттық спорт түрлері бүгінде бүкіл дүние жүзіне белгілі.





Жапония әрқашан да таза егінші ел болатын. Егістік жердің тең жартысын алып жататын күріш дәнді дақылдардың ішіндегі жапондардың негізгі наны. Бау – бақшамен айналысу, мүйізді ірі қара мал (сыйыр), шошқа, құс өсіру жақсы дамыған.



Жапондық шаруашылықтың тағы бір дәстүрлі саласы – балықшылық. Балық аулау жөнінде Жапония алғашқы орындардың бірінде тұр. Елде 3 мыңнан астам балық аулау аймағы бар. Теңіз жағалауының жануарлар дүниесі мол және әр алуан болуы тек балықшылық ғана емес, теңіз өнімдерін дайындауды да мүмкіндік берді.



Жапонияның өнеркәсібі алғашында негізінен эволюциялық жолмен дамыды. Энергетика, металлургия, автомобиль және кеме жасау, мұнай-химия, құрылыс өнеркәсібі сияқты базалық салалар импорттық шикізат арқылы қайта құрылған болатын. Бұлардың бәрі технологияның ең жана жетістіктерімен жабдықталды.

- **Жапон даналығы**
- Ойладың ба? - Істе!, Істедің бе? - Ойланба!
- Кеткенді - ұстама! Келетіннен - қателесіп қалма!
- Жақсының жауы болған жақсы, жаманның досы болғанша.
- Қарапайымдық - ұлы адамға тән.
- Жоғарыға көтерілгісі келетін адам - баспалдақ ойлап табады.
- Күйеуі мен әйелі қол мен көз тәрізді болуы керек: қол ауырса - көз жылайды, көз жыласа - қол жасын сүртеді.
- Алыс сапар да - жақын жолдан басталады.
- Әдемі гүлдер - жеміс әкелмейді.
- Тек қана жатқан адам - ешқашан сүрінбейді.
- Бір жылы сөз - қыстың үш айын да жылы етуі мүмкін.
- Ақымақ пен есуасқа - арқашан жол бер!
- Қолыңнан келгенше істе, ал қалған жағы тағдырдың жазғаны.
- Күлкі шыққан үйге - бақыт келеді.
- Күлімдеген жүзге - ауыр сөз айтуға болмайды.
- Суық шай мен суық күрішке - шыдауға болады,
- **Суық көз қарас пен суық сөзге - шыдау қиын.**
- Қалаған қыз - қабырғадан өтеді.
- Сұрау - бір минуттық ұят, ал білмеу - өмірдің соңына дейін - ұят.
- Терең өзендер - дыбыссыз ағады.

Сұрақ-Жауап

- Жапония елінің туының аты?
- Токио нешінші жылы астана болып қабылданды?
- Басқарушы императордың аты?
- Ең үлкен жанартаудың аты?
- Цунами неден пайда болады?
- Жерге төселетін заттың аты?
- Ең танымал машина түрлері?
- Негізгі шаруашылықтары?